

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ- АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУ ІНСТИТУТЫ**

**ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА ОЙЫНДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЖӘНЕ БАСШЫЛЫҚ ЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО МЕТОДИКЕ ОРГАНИЗАЦИИ И РУКОВОДСТВА ИГРАМИ
В РАЗНЫХ ВОЗРАСТНЫХ ГРУППАХ**

Астана 2022

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«Балаларды ерте дамыту институты» базасында әзірленген*

Түрлі жас топтарында ойындарды ұйымдастыру және басшылық ету әдістемесі бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2022. - 40 б.

Пікір жазғандар:

С.Н. Жиенбаева п.ғ.д., профессор;

Н.Г. Юсупова меңгеруші;

А. З. Инкаргалиева әдіскер.

Түрлі жас топтарында ойындарды ұйымдастыру және басшылық ету әдістемесі бойынша әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне балалардың ойын арқылы тәжірибесін байыту және дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2022 жылғы 27 қыркүйектегі № 9 хаттама).

«Балаларды ерте дамыту институты» 2022 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазіргі әлемде білімге деген көзқарас балалар өмір сүріп, өсіп жатқан, жылдам өзгеріп отыратын болмыспен бірге өзгеруде. Білімді баланың туылған сәтінен бастап өмір бойы жалғасатын процесс ретінде қарау білім беру процесін ұйымдастырудың икемді стандарттарын қабылдауды қажет етеді. Балалар көп уақытын білім беру ұйымдарында өткізеді, бұл балалардың мәдени және этникалық әртүрлілікке құрмет көрсетілетін үйлесімді, мейірімді, дамытушы, инклюзивті, әділ ортада балалық шағын өткізуі үшін тиісті жағдайлар жасаудың маңыздылығын түсінуге әкеледі.

Бала өзінің әлем жайлы жеке түсінігін қалыптастыру құқығы мен мүмкіндігі бар оқуға белсенді қатысушы ретінде қабылдануы тиіс.

Мектепке дейінгі кезең - мектепке дайындық сатысы, баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамыту кезеңі. Демек, бала өміріндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту тәсілінің ұйымдастырылған оқу қызметінен баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасауға қарай өзгеруі тиіс. Педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құрудың маңызы зор.

Бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс. Ойын – баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы [1].

Ойын әрекеті мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады, сондықтан бұл жұмыс өзекті болып табылады. Ойын құнды әрекет, ойын арқылы балалардың танымдық саласы кеңейеді, қоғамдағы мінез-құлық нормалары мен ережелерді меңгереді. Педагог ойынды балалар іс-әрекетінің түрлері арқылы тәрбиелеу – білім беру процесінде негізгі әрекет ретінде қолданады.

Ойын барысында бала өзі жасай алмайтын әрекетті үйренуге тырысады, құрдастарымен қарым-қатынас жасайды, баланың бойында адамгершілік қасиеттері дамиды. Л.С. Выготский, О. М. Дьяченко, Е. Е. Кравцованың пікірлері бойынша ойынды басқа әрекет түрлерімен алмастыру мектеп жасына дейінгі баланың қиялын дамытуға кедергі келтіреді. В. В. Ветрова, М.И. Лисина, Е.О. Смирнова Л. М. Кларина, В. И. Логинова, Н. Н. Поддяков ойынды басқа әрекет түрлерімен алмастыру баланың құрдастарымен, ересектермен қарым-қатынасының дамуын тежейді, эмоционалды жай-күйін төмендетеді деп санайды. Демек, ойын іс-әрекетін күн сайын ұйымдастыру баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызды болып табылады.

Әдістемелік ұсынымдардың **мақсаты**: балалардың ойын арқылы тәжірибесін байыту және дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыруда мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне көмек көрсету.

Әдістемелік ұсынымдарда түрлі жас топтарында ойындарды ұйымдастыру және басшылық ету әдістемесі, ойын іс-әрекетін дамытуда тәрбиешінің



міндеттері, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар және ойын әрекетін ұйымдастыру кезіндегі қауіпсіздік талаптары берілген.

ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА ОЙЫНДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАСШЫЛЫҚ ЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Кіші топ-2 жастағы балалар

Бұл жаста ойындар балаларға айналадағы заттарды жақсы тануға, олардың түсін, пішінін ажыратуға және олармен орындауға болатын әрекеттерді атауға көмектеседі. Ойындар қимылдарды үйлестіруге, көзбен өлшеуді дамытуға, кеңістіктік қатынастарды меңгеруге ықпал етеді, балаларды айтылған сөзді естуге және оны белгілі бір ойыншықпен, әрекетпен байланыстыруға үйретеді.

Басшылық ету ерекшеліктері:

Осы жастағы балалардың қозу процестері тежелу процестерінен басым болады, сондықтан оларға тек ауызша айтып қоймай, көрнекі құралдарды көрсету, ойын ережелерін түсіндірумен қатар ойын әрекетін көрсету (тәрбиеші көрсетеді және түсіндіреді) қажет. Ойындарды ұйымдастыруда ғажайып сәттің болуы, ойындарды балаларда көтеріңкі көңіл-күй тудыратындай етіп өткізу, оларды бір-біріне кедергі жасамай ойнауға үйрете отырып, бірге ойнау әлдеқайда қызықты екенін түсінетіндей етіп ұйымдастыру ұсынылады. Ойындарды өткізуде балаларға ойын әрекеттерінің тәсілдерін үйретуде тәрбиешінің белсенділік танытуы қажет (заттарды дұрыс орналастыру, ойын барысында сұрақтар қою, кеңестер мен ұсыныстар беру, балаларды мадақтау, олардың әрекеттерін бақылау).

Ортаңғы топ-3 жастағы балалар

3 жаста балалардың қалыптасқан біліктері мен дағдыларын бекітуге және жетілдіруге бағытталған ойындарға назар аудару керек.

Басшылық ету ерекшеліктері:

Тәрбиеші ойынға қатысуы, барлық балаларды ойынға тартуы, біртіндеп балаларды құрдастарының әрекеттерін бақылауға және сөздерін түсінуге үйретуі, яғни ойын процесіне толықтай басшылық етуі тиіс. Балаларда тәжірибе жинақталуына қарай тәрбиеші ойынды бақылайды, бірақ мәселелер туындаған кезде ол ойынға қайта қосылады.

Ойын ережелерін педагог ойынның алдында түсіндіреді және қажет болса әрекеттерді көрсетеді, тәрбиеші балаларға теріс қылықтары үшін ескерту жасауы және ережелердің орындалуын мұқият қадағалауы тиіс.

Ойын барысында педагог жетекші және проблемалық сипаттағы сұрақтар қояды, кеңес береді, балаларды ынталандырады.

Осы жас кезеңінде педагог балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ойын әрекеттерін бағалай алады.

Мектепке дейінгі ересек жас – 4, 5 жастағы балалар

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар ойнау тәжірибесіне ие және олардың ойлауы, есте сақтауы кіші жастағы балаларға қарағанда неғұрлым дамыған, сондықтан олар ойын ережесін ауызша түсіндіргенде оңай қабылдайды.

Осы жастағы балалармен ойындар бүкіл топпен және шағын топтармен өткізілуі мүмкін. Ересек топтан бастап ойындарда жарыс элементтерін қолдануға болады. Осы жаста балалардың ойындарының мазмұны күрделі болып келеді (өмірлік құбылыстар - адамдардың өмірі мен еңбегі, қала мен ауылдағы техника).

Балалар заттарды материалы, қолданылуы бойынша жіктейді, ақыл-ойды қажет ететін сөздік ойындар кеңінен қолданылады. Бұл жаста балалардың эмоционалды жай-күйін, ойыннан алған әсерлерін және оның нәтижесіне (міндеттерді шешу) қанағаттану сезімдерін қолдау қажет. Балалардың жүйке жүйесінің қозуы мен тежелуін ескеріп, үстел үсті ойындарына басшылық ете отырып, педагог тәрбиеленушілердің назарын суреттерге, бейнелерге аударады. Балалар бұл суреттерді, бейнелерді есте сақтайды, қажет кезде естеріне түсіріп, қайталайды.

Басшылық ету ерекшеліктері:

Ережелерді түсіндіру ойынның алдында, әдетте, әрекеттердің орындалуын көрсетпей және қайталамай жүзеге асырылуы қажет (егер ойын күрделі болса, онда ойынның алдында әрекеттерді орындап көрсету).

Тәрбиеші ойындарға қатыспайды, бірақ ойын ережелері мен барысын бақылайды.

Ойын барысында педагог тәрбиеленушіден ұйымдастырылған іс-әрекеттерде, экскурсия мен мақсатты серуендер кезінде естігенін, көргенін еске түсіруді қажет ететін ойын жағдайларын ойластыруы қажет.

Балалардың жеке ерекшеліктерін білетін педагог оларға рөлдерді өзара бөлісуге кеңес беріп, моральдық мінез-құлық нормалары қалыптаспаған балаға кейін бұл қасиеттерді күнделікті өмірде көрсетуі үшін құрдастарына мейірімділік, қамқорлық танытуды қажет ететін рөлді ойнауды ұсынуына болады. Педагог балаларға құрдастарының жақсы әрекеттерін үлгі етуі, кеңестер беруі және кейбір жағдайларды еске салып отыруы тиіс.

Ойынның соңында тәрбиеші ойынның атауын, ойын ережелерін балалардың есіне салып, олардың ойынды одан әрі жалғастыруға деген қызығушылықтарын қолдауы керек. Педагог балалардың әрекеттеріне баға береді, бірақ, әр ойын бағалауды қажет етпейді.

Бір ойынды қайта ұйымдастырған кезде балалар әрекеттердің ретін толық меңгереді. Ойынды қайталау қажеттілігі оны дербес әрекетке көшіру үшін балалар ойынның барлық элементтерін қаншалықты меңгеруімен анықталады.

ЗАТТЫҚ-КЕҢІСТІКТІК ДАМЫТУШЫ ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала

жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады. Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта мыналарды:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының міндеттерін іске асыруды;

- инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті жағдайлар жасауды;

- білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді;

- балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;

- қолжетімді;

- әртүрлі;

- мазмұнды;

- көп атқарымды;

- өзгермелі;

- тартымды [2].

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта қауіпсіз, ондағы барлық құрал-жабдықтар мықты бекітілген болуы қажет және балалар жарақаттанып қалмауы үшін ұшы сүйір (үшкір) жиһаздар мен жабдықтардың болмауы тиіс.

Барлық балалар, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін тәрбиелеу-білім беру процесі жүзеге асырылатын барлық үй-жайлардың қолжетімді болуы. Ірі ойын материалдарын қолдана отырып, балалар ойында бір затты емес, тұтас объектілер кешенін қолданып, мысалы, кеме, текшелер немесе пластиналардан - қайықтар құрастыруы мүмкін.

Сондай-ақ, балалар әрекетінің негізгі түрлерін қамтамасыз ететін ойындарға, ойыншықтарға, материалдарға, құралдарға балалардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың еркін қол жеткізуі, материалдар мен құрал-жабдықтардың ақаусыз болуы және сақталуы тиіс.

Дамытушы ортада әртүрлі материалдардың болуы қажет: заттық ортаның әртүрлі компоненттері, мысалы, балалар жиһазы, төсеніштер, жұмсақ модульдер, шымылдықтар және т. б., балабақшада немесе топта қолданылатын көп атқарымды заттар, оның ішінде балалар әрекетінің әр түрлерінде қолдануға жарамды табиғи материалдардың болуы (ойындарда алмастырушы заттар ретінде қолдану). Оларды үйлесімді қолдану балаларға ойында өз ойларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Заттық – кеңістіктік дамытушы ортаның жабдықталуы балалардың жас ерекшеліктеріне және Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес болуы керек. Ойыншықтардың маңызы зор, оларды тақырып бойынша таңдау балалардың қоршаған әлем туралы алған әсерлерімен және ойынға қызығушылықтарымен тікелей байланысты. Балалардың қоршаған әлем туралы

түсініктері біртіндеп қалыптасады, осыған байланысты бейнелі ойыншықтардың жиынтығын кеңінен қолдану ұсынылады.

Балалардың қызығушылықтары бойынша орталықтар оқу жылының басынан бастап соңына дейін бірдей ойыншықтармен жабдықталмауы керек. Бұл орталықты жабдықтауда мынадай тәсілді ескеру қажет, яғни кейбір ойыншықтарды уақытша алып қоюға, кейін қажет болғанда қайта орналастыруға болады. Жаңадан пайда болған таныс ойыншықпен балалардың ойнағысы келеді. Топтарда сюжетті-рөлдік ойын орталықтары: «Үй», «Дүкен» «Аурухана», «Шаштараз» «Шеберхана»; театрландырылған ойын орталығы (театрлардың әртүрлі түрлері, шымылдықтар, атрибуттар); музыка орталығы құрылады, сондай-ақ жұмсақ жиһаздар, ойыншықтар: қуыршақтар, машиналар және т. б., режиссерлік ойындарға арналған ұсақ ойыншықтар, үстел үсті ойындары, лото, домино, әртүрлі конструкторлар, текшелер, құрылыс материалдары, сондай-ақ тәрбиелеу-білім беру процесіне арналған дидактикалық материалдар, макеттер, карталар, модельдер, муляждар, топтың сызбалары, алмастырушы заттар орналастырылады.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның көп атқарымдылығы: барлық жас топтарында балалардың ойнауы мен демалуы үшін жайлы орын болуы керек, сонымен қатар, дамытушы ортаның мазмұны баланың қызығушылықтарын қолдауға бағытталып, мезгілімен өзгертіліп, байытылып отыруы керек.

Кеңістікті трансформациялау білім беру жағдайына, оның ішінде балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерінің өзгеруіне байланысты заттық-кеңістіктік ортаны өзгерту мүмкіндігін болжайды; заттық ортаның әртүрлі компоненттерін, мысалы балалар жиһазы, төсеніштер, жұмсақ модульдер, шымылдықтарды және т. б. пайдалану мүмкіндігі.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

1)ерте жас тобында және кіші топта: танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

2)ортаңғы топта: дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

3)ересек және мектепалды топтарында (сыныптарында): дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар.

Сонымен қатар, көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын іске асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

Сондай-ақ, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді таңдауға мүмкіндік беру үшін педагогтерге дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдармен байыту ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарында заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес зоналар бойынша жарақтандыру ұсынылады [3].

ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН ӘРЕКЕТІН ДАМУДА ТӘРБИЕШІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

Ерте жас тобы (1 жастағы балалар)

1. қоршаған ортадағы заттар мен ойыншықтарға, олармен әрекеттер жасауға қызығушылық тудыру. Баланы нұсқау бойынша әрекеттер орындауға тарту: «қорапты жап», «допты домалат» және т. б.;
2. күнделікті өмірден алған әсерлерін ойында көрсетуге ықпал ету (қуыршықты тамақтандыру, ұйқыға жатқызу, ән айту және т.б.). Ересектің баламен эмоционалды қарым-қатынас жасауы, оның көңіл-күйін көтеру үшін әзіл ойындар ойнатуы: «сүзеген ешкі», «қуырмаш» және т. б.;
3. дидактикалық ойыншықтарға (текшелер, пирамидалар және т.б.) қызығушылықтарын қолдау. Қарым-қатынас жасауда, кеңістікті бағдарлауда және заттық-манипулятивтік әрекетте дербестік, белсенділік танытуға ынталандыру. Мысалы, қуыршақпен қарапайым әрекеттерді көрсету: қуыршақ билейді, жүреді, тамақ ішеді және т. б.

Кіші топ (2 жастағы балалар)

Балалардың ойын әрекетін дамытуда тәрбиешінің міндеттері:

1. әр баланың ойнау тәжірибесін дамыту;
2. қоршаған орта туралы түсініктерін ойында көрсетуге ықпал ету;
3. ойында балалардың шығармашылық танытуын қолдау;
4. ойында құрдастарымен қарым-қатынас жасауға баулу.

Заттық ойындар

Заттық ойындарда зат маңызды орын алады. Бала ойында алмастырушы заттарды қолданып, негізгі әрекеттерді орындайды. Баланың заттарды алмастыру қабілеті бастапқы ойнау тәжірибесі арқылы қалыптасады. Тәрбиешінің алмастырушы заттар ретінде балаға жақсы таныс заттарды таңдап беруі, яғни баланың өзі заттарды алмастырудың мәнін түсінгенше біртіндеп жаңа заттарды көрсетуі қажет.

Ойын белгілі бір психологиялық-педагогикалық жағдайларда:
балалардың өмірлік тәжірибесін байытуда;

алмастырушы заттарды көрсетуде және қолдануда;
ересектердің балалармен тұлғаға бағытталған қарым-қатынасында;
баланың ойында бастама танытуын қолдауда;
ойын түрлерін кеңейтуде;
образды ойыншықтарды қолдануда қалыптасады.

Сюжетті-рөлдік ойындар

Алғашқы сюжетті-рөлдік ойындар—күнделікті тұрмыстағы жағдайларды, ересектердің әрекеттерін, отбасылық қарым-қатынастарды көрсету, рөлге ену: дәрігер науқасты тыңдайды және екпе жасайды, жүргізуші рульді бұрады, шаштараз шаш қияды, кассир чек береді және т. б. Ересектермен бірлескен ойында кейіпкерге тән әрекеттерді көрсету, ойыншықтарға қамқорлық (қоянды сипау, қуыршақты тамақтандыру) жасау. Ойын әрекеттерін ересектің бейнесімен (анасы, әкесі), жануарлардың бейнесімен (қоян, қораз) байланыстыру. Сюжетті дамыту үшін қажетті ойыншықтар мен заттарды таңдау, жетіспейтін ойыншықтарды немесе заттарды басқа заттармен алмастыру.

Заттарды, ойыншықтарды, суреттерді («Ғажайып дорба», « Бұл үйде кім тұрады?», «Ненің төлі?», «Ненің анасы?») қарастыру бойынша ойындар. Оларда нұсқаулар мен әрекеттер сөзбен беріледі, бірдей әрекеттер әртүрлі ойыншықтармен орындалады, бір ойыншықпен әртүрлі тәсілдермен әрекет етуге болады. Тәрбиешінің көмегімен халық ертегілерінен шағын үзінділер сахналау.

Жануарлардың, құстардың бейнелерін қимылдар арқылы беру, мәтінмен сүйемелденетін ойындарда кейіпкерлердың қимылдарына еліктеу («мысық», «қозы» «құлыншак» және т.б.).

Дидактикалық ойындар

Дидактикалық ойыншықтармен ойындар — матрешкалар, мұнаралар, заттар. Суреттері бар үстел үсті ойындары, мозаикалар, текшелер және т. б.

Бала ойын тапсырмасын орындауға үйренеді: ойыншықтарды ретпен бөлшектеу және жинау (пирамидалар, мұнаралар, матрешкалар); олардың түсін, пішіні мен өлшемін атауға үйренеді.

Екі затты салыстыру, жұптарын табу. Ойын міндеттеріне сәйкес әрекеттерді (қызыл шарды қызыл қорапқа салу; үлкен аюға үлкен ыдыс, кіші қонжыққа — кіші ыдыс беру) орындау. Ойын барысында тәрбиешімен сөйлесу қабілетін дамыту: заттың атауы, түсі, мөлшері туралы айту.

Ойыншықтарды өлшемі, түсі, көлемі бойынша салыстыруды, ойында қолданылатын заттарды, құрылыс материалдарының кейбір бөлшектерін дұрыс атауды дамыту. Құммен, сумен, қармен ойындарда осы материалдардың қасиеттері туралы білімдерін нақтылау.

Ойын түрлеріне қызығушылық тудыру. Белсенді әрекетке, ойынды өз бетінше таңдауға, өз ойын іске асыруға ынталандыру.

Ортаңғы топ (3 жастағы балалар)

Балалардың ойын әрекетін дамытуда тәрбиешінің міндеттері:

1. сюжетті-рөлдік ойынды дамыту үшін жағдай жасау;
2. балалардың жеке пікірлері мен мотивтерін дамыту;

3. ерік-жігер мен өзін-өзі бақылаудың әртүрлі формаларын қалыптастыруға ықпал ету;

4. балалардың қиялын дамыту, рөлге енуге дайындау;
5. әрекеттері бар ойындардың ережелерін меңгерту.

Сюжетті-рөлдік ойындар

Отбасылық қарым-қатынастарды бейнелеу арқылы және дүкенге, емханаға барғанда алған әсерлері, оқылған кітаптардан, көрген мультфильмдері мен суреттерден алған әсерлері негізінде әртүрлі сюжетті-рөлдік ойындардың мазмұнына қызығушылық таныту. Ойында ересектердің өзара қарапайым әрекеттерін көрсету (анасы мен қызы, дәрігер мен науқас, шаштараз-клиент, капитан - матрос және т.б.), сюжетке бірнеше өзара байланысты әрекеттерді енгізу. Мағыналары бойынша бір-бірімен байланысты бірнеше әрекеттерден сюжет құрастыру, өзінің ойнайтын рөлін білу (атайды), рөлге сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Ойындағы рөлді қабылдай білу, қарапайым рөлдік диалогқа қатысу, ойындағы өзінің рөлі мен ойын әрекеттерін атау, ойын туралы қойылған сұрақтарға жауап беру дағдыларын меңгеру («қызыңыздың аты кім? Сіз оған таңғы асқа не пісірдіңіз?»). Тәрбиешімен бірлескен ойында ойын әрекеттерін қарапайым түрде жоспарлауға қатысу («қызыңыздың серуендегісі келетін шығар, сіздер қайда барасыздар?»).

Ойындарда әртүрлі ойыншықтарды, алмастырушы заттарды, киім атрибуттарын (дәрігердің халаты, матростың бас киімі, полицияның фуражкасы мен таяғы) қолдану. Тәрбиешінің бастамасы бойынша ойынды белгілі бір ойын орталығында (шаштараз, дүкен, емхана) жалғастыру. Ойын орталығын толықтыруда, алмастырушы заттарды, костюм элементтерін пайдалануда белсенділік таныту.

Құрдастарымен жұптасып ойнауда, шағын топпен ойында қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру: бірлесіп әрекет ету (машиналарды жүргізейік, допты лақтырайық), рөлдерге байланысты әрекеттерді (мен дәрігермін, науқастарды емдеймін, балаларыңды тексеруге ертіп кел) келісу. Құрдастарымен жұптасып ойнауда, шағын топпен ойында тәрбиешінің қолдауымен және көмегімен қарым - қатынас жасау; екінші жартыжылдықта таныс ойын әрекеттерін орындауда құрдастарымен өз бетінше келісу.

Әртүрлі бөлшектерден (ойын модульдері, ірі құрылыс материалдары, қораптар, орындықтар) құрастыруға қатысу: автобус, поезд. Ойын сюжетінде балалардың қарапайым құрылыстар тұрғызуын қолдау, тұрғызылған құрылыстың көмегімен ойынның сюжетін дамыту (куыршақ үйдің терезесінен қарап тұр, жолдың бойымен серуендеп жүр).

Режиссерлік ойын

Ертегілер, өлеңдер, мультипликациялық фильмдер, қарапайым иллюстрациялар мен суреттердің сюжеттері бойынша режиссерлік ойындарға қатысу. Ойыншықтардың көмегімен көріністерді сахналау тәсілдерін меңгеру, қарапайым ойын тапсырмаларын орындау (бауырсақтың қасқырдан қалай қашып кеткенін, мысықтың қыздардан су сұрағанын көрсету және т. б.), ойыншықты кеңістікте қозғалту тәсілдерін, екі ойыншықпен әрекеттерді көрсету (екі куыршақ серуендеуге барады; қасқыр қоянды қуып жетеді; Маша аюдан жасырынады және т.б.), олардың дауыстарын келтіру тәсілдерін — рөлдік сөйлеуді меңгеру (қорбандап аю келе жатыр, қоян қасқырдан қорқып, қашып кетті).

Ойын туралы тәрбиешінің (одан әрі не болатыны туралы) қойған сұрақтарына жауап беруге ұмтылу, ойында жаңа кейіпкердің пайда болуына, проблемалық жағдайлардың туындауына пікір білдіру (Маша орманда келе жатып, адасып кетті, оған үйіне жол табуға кім көмектесті?).

Дидактикалық ойындар

Тәрбиешімен бірге заттармен, дидактикалық ойыншықтармен, суреттермен ойнау. Заттардағы және олардың бейнелеріндегі әртүрлі сенсорлық белгілерді (түсі, өлшемі, пішіні) ажырата білуін дамыту; заттың бірнеше белгілерін: оның неге арналғанын, бөліктерін, материалын ажырату; «дұрыс» және «дұрыс емес» заттарды ажырату (түбі бар шелек және түбі жоқ шелек, саусақтары бар қолғап және саусақтары жоқ қолғап).

Ойыншықтар мен заттарды түсі, өлшемі және пішіні бойынша таңдау, түсі мен өлшемі бойынша кезектестіре отырып, мұнаралар мен пирамидаларды белгілі бір ретпен жинау.

Балаларда дағдыларды қалыптастыру үшін жағдай жасау:

- жинамалы ойыншықтар мен суреттерді 4, кейін 6 бөліктен («Ойыншықтар», «Жануарлар», «Өсімдіктер» және т. б.) құрастыру;
- қарапайым ережелерді, ойындағы әрекеттерді орындау;
- музыкалық-дидактикалық ойындардағы дыбыстардың биіктігін қабылдау, екі музыкалық аспапты тембрі бойынша ажырату (сырнай және барабан).

Ережесі бар ойындар

Тәрбиешінің көмегімен бала ойын тапсырмасын қабылдауға, әрекеттерді белгілі бір ретпен орындауға, белгі бойынша әрекетті бастауға, үлгі бойынша және ойынның міндетіне сәйкес әрекет етуге, қарапайым сызбаларды түсінуге (ойын кейіпкерін ойын алаңында көрсеткілердің бағытына сәйкес жүргізуге), шынайы заттарды геометриялық пішіндермен алмастыруға және т. б. үйренеді.

«Лото», «Домино» және т.б. ережелері бар үстел үсті ойындарында ойын әрекеттерін орындау дағдыларын қалыптастыру, балалардың қимылдарын және ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындарды енгізу («Түйілген орамал», «Хан алшы» және т. б.).

Ересек топ (4 жастағы балалар)

Балалардың ойын әрекетін дамытуда тәрбиешінің міндеттері:

1. ойынның барлық компоненттерін дамыту (ойын тақырыптары мен түрлері, ойын әрекеттері, сюжеттер, рөлге байланысты қарым-қатынас жасау, ойын ортасын құру, шынайы заттар мен оларды алмастырушы заттарды пайдалану, шынайы және қиялдағы ойын жағдайларында әрекет ете білу);

2. балалар ойындарының мазмұнын байыту, қиялды, шығармашылықты дамыту, экспериментке қызығушылықты ояту;

3. ережелері бар ойындарды ойнауға ықпал ету;

4. баланың режиссерлік қабілетін дамыту үшін жағдай жасау;

5. балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, олардың өзара ойын әрекеттерінің тәсілдерін жетілдіру.

Сюжетті-рөлдік ойындар

Ересектердің (дәрігер — науқас, шаштараз — клиент, капитан — матрос және т. б.) отбасылық және қарапайым кәсіби қарым-қатынастарын сюжетті-рөлдік ойындарда бейнелеуге, тақырып бойынша әртүрлі оқиғаларды бір сюжетке біріктіруге қызығушылық таныту (анасы мен қызы қонаққа барады, алдымен олар шаштаразға, одан кейін дүкенге сыйлықтар алуға барды). Ойында балалардың көңіл-күйін көтеру. Рөлге байланысты әрекет етудің жаңа тәсілдерін меңгеру: бірнеше кейіпкерлермен сюжеттер құрастыру, рөлдік диалогтарды өз бетінше жүргізу, сюжетті дамыту барысында бірнеше рөлдерді орындау мүмкіндігі. Ойын басталғанға дейін тақырыпты немесе ойында бейнеленетін оқиғаны анықтау (біз не ойнаймыз? не болады?), ойын басталғанға дейін рөлдерді бөлу дағдыларын дамыту. Ойындарда алмастырушы заттарды (басқа заттар ретінде пайдалануға болатын әртүрлі текшелер, жолақтар, бөтелкелер, арқандар, жіптер) қолдану. Проблемалық жағдай арқылы ойынның түпкі ниетін дамыту әдісін меңгеру (бір затты жоғалту- шаштараздың тарақтары жоғалып кетті), (кеме жолдан адасып кетті және т.б.).

Құрдастарымен әртүрлі рөлдік диалогтар жүргізуді дамыту. Тәрбиешімен бірлескен ойында рөлдердің ауысуына байланысты диалог мазмұнын өзгерту, жаңа ойынның мазмұнына сәйкес әрекет ете отырып, тәрбиешімен рөлдерді алмастыру (ана, әке, әже, балалар рөлдерінде телефон арқылы диалогтар жүргізу). Ойын сюжетіне жаңа оқиғаларды, рөлдерді өз бетінше енгізу, алмастырушы заттарды таңдауда және ойын ортасын құруда шығармашылық таныту (қуыршақтарға бөлме, дүкен, шаштараз, дәрігер кабинеті, гараж және т.б. дайындау). Ойындарда өз бастамасы бойынша маскалар, музыкалық ойыншықтарды (бубен, металлофон, сырнай, ысқырғыштар) қолдану.

Режиссерлік ойын

Балаларды тыңдаған шығармаларын, мультипликациялық фильмдерден алған әсерлерін көрсетуге, әртүрлі мультфильмдер мен ертегілерді сахналауға ынталандыру.

Жеке ойындарда эмоционалды маңызды оқиғаларды көрсетуге жағдай жасау (дәрігерге бару, қонақтардың келуі, поездбен қыдыру және т.б.). Дайын сюжеттік жағдайды ұсынуды және оны көрерменге (ересек адамға) көрсетуді меңгеру. Режиссерлік ойынды жүзеге асыруда дербестік таныту (ойыншықтарды ойын алаңында қозғалту, оқиғаларды айту, ойында не болып жатқанын түсіндіру). Режиссерлік ойын ортасын құру үшін қажетті материалдар мен ойыншықтарды таңдауда, алмастырушы заттарды, кеңістікті, пішіндерді және т.б. қолдануда бастамашылдық таныту.

Сюжетті байланыстырушы жағдай ретінде режиссерлік ойынға қызығушылық таныту (мысалы: кереуетте аяғы бинтпен таңылған аю жатыр; қуыршақ Әлия дастархан жайып, қонақтарды күтуде). Әрі қарай не болатыны туралы болжам жасауға, оқиғаның жалғасын ойнауға, кейіпкерлердің диалогтарын жеткізуге үйрету.

Еліктеуші ойындарға қатысу, кейіпкерлердің әртүрлі эмоционалды жағдайын ым-ишарамен, қимылдармен жеткізу қабілетін дамыту (қоян адасып кетті, оны қонжықтар тауып алып, үйге ертіп келді, бәрі қуанып, қолдарын шапалақтады). Ойындағы образдардың физикалық ерекшеліктерін жеткізу үшін

ым-ишара мен қимылдарды қолдану (үлкен және кішкентай құстар ұшып бара жатыр, үлкен аю мен күшік қардың үстімен жүріп келе жатыр). Ертегілерді сахналауға қатысу. Безендіруге арналған заттарды өз бетінше қолдану: ертегі кейіпкерлері костюмдерінің элементтері, жануарлардың маскалары, сүйікті кейіпкерлерінің суреттері бар эмблемалар.

Дидактикалық ойындар

Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту (зейін, есте сақтау, ойлау және т.б.). Ойындарда тәрбиешімен бірге әртүрлі белгілері (көлемі, пішіні, түсі, қолданылуы және т. б.) бойынша заттарды салыстыру, жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру: салыстыру, талдау, бірдей заттарды арту немесе кему ретімен орналастыру (көлемі, ені, биіктігі, түсі және т.б.); тапсырмаларды орындау («суретте не бейнеленген», «Сызба бойынша табу», «Сиқырлы белгілер» ойындары). Ойында баланың ізденіс әрекетін, қиялындағы бейнелерді іске асыру («Өрнек құрастыру», «Нүктелер», «Бұрыштар» және т.б. дамытушы ойындар).

Әртүрлі заттармен және материалдармен эксперименттер жүргізу: сумен, қармен, мұзбен (әр түрлі қасиеттері) ойындар; айнамен ойындар («Күннің көзі», «Айнадан не көруге болады» артында, оң жақта, сол жақта, жоғарыда не орналасқанын қарау).

Жарықпен ойындар ойнау. «Көлеңке театры», «Кімнің көлеңкесі қызықты», «Кімнің көлеңкесі екенін табу» (көлеңкемен эксперимент жүргізу), «Затты жасыру және іздеу» (қараңғыда қол шамның көмегімен жасырылған затты іздеу).

Шынымен ойындар. «Әлемдегі түрлі түстер» (айналаға түрлі түсті шынылар арқылы қарау). «Жұмбақ суреттер» (түрлі түсті шынылар арқылы түрлі түсті суреттерді қарау және бақылау: суреттегі қандай бейнелер көзге көрінбейді). «Бәрін көреміз, білеміз» (заттарды, кішкентай суреттерді, белгілерді, өрнектерді үлкейткіш шыны арқылы қарау).

Дыбыстармен ойындар. «Сылдырмақтар» (әртүрлі материалдардан жасалған қандай заттар қораптардың ішінде сылдырлайды). «Сыңғырлайтын бөтелкелер» (су, құм салынған немесе бос бөтелкелерді балғамен соқса, оның қандай дыбыс шығаратынын байқау). «Не судырлайды, не тарсылдайды» (көзді жұмып, әртүрлі дыбыстарды табу: қағаздың жыртылуы немесе умаждалуы, құм себу, су құю және т.б.).

Ұсақ моториканы, зейінді, қиялды дамыту үшін саусақ ойындарын ойнау.

Көңілді ойындарды, фольклорлық және халық ойындарын қолдана отырып, балаларды әлеуметтік-коммуникативтік тұрғыдан дамыту. Ұжымдық ойындарда қимылдарды бірге орындау арқылы құрдастарымен достық қарым-қатынасқа ынталандыру, көңіл-күйді көтеру. Сонымен қатар, балаларға әрекеттерін бір-бірінің әрекеттерімен үйлестіруді және қимылдарды орындауда кеңістіктікте бағдарлауды үйрету.

Ережелері бар ойындар

Ойынның шартын орындауда немесе таныс ойында өз бетінше ереже ұсынуды үйрету. Өз бетінше немесе тәрбиешінің көмегімен ережелерге сәйкес әрекет ету, нәтижеге жетуге ұмтылу, оны ойын тапсырмасына сәйкес бақылау. Үстел үсті ойындарының ережелерін меңгеру: құрдастарымен бірігу, қарапайым

сызба бойынша кезекпен әрекет ету және т.б. Тәрбиешімен бірлескен ойындарда ойынның барысын түсіндіру, қалай дұрыс әрекет ету керектігін айту, ойынның нәтижесіне қол жеткізгенін немесе қол жеткізбегенін айту (мен дұрыс жасадым — сурет құрастырылды). Алынған нәтиженің талаптарға толық сәйкес келмейтінін өз бетінше байқауға баулу. Құрдастарына ойынның барысын түсіндіруге ұмтылу: ойында жеңілген құрдастарын келемеждемеу (мазақтамау).

Бала ережелері бар ойындарды және ойынның жалпы шартын меңгереді: ойыншылардың тең дәрежеде ойнауы; ойыншылардың біреуінің жеңісімен аяқталатын ойын; жеңімпазды анықтау және ойынды қайта бастау («Мен жеңдім», «Кім жеңді, сол ойынды бастайды» және т.б.).

Балаларға жеңімпазды белгіленген ережелер бойынша анықтауды үйрету («Кім бірінші...», «Кім ... көп жинады», «Кімде көп»). Ойын барысында ережелердің дұрыс орындалуы бақыланады, даулы жағдайлар талқыланады. Ойынға қатысушылардың құрамы 4 тен 6 адамға дейін артуы мүмкін (ойынның шартына сәйкес). Ойлау қабілеттерін дамытатын ойындар (дойбы, шахмат, домино және т.б.). Баланың қимылдары мен ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындар («Мысық пен тышқан», «Ақ серек, көк серек», «Кім жылдам» және т.б.).

Осы жаста бала нәтижеге қол жеткізуге талпынады, өз әрекеттерінің нәтижелерін өзгелердің нәтижелерімен салыстырады.

Мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып (5 жастағы балалар)

Балалардың ойын әрекетін дамытуда тәрбиешінің міндеттері:

1. балалардың белгілі бір тақырыптағы ойындарды құрдастарымен бірге ойнауын дамыту: алдымен таныс ертегілер мен әңгімелер бойынша сюжеттерді ойнау, одан кейін таныс ертегі сюжетіне өзгерістер енгізу арқылы (жаңа рөлдерді, әрекеттерді енгізу) сахналау;
2. әлеуметтік шынайы құбылыстармен және адамдардың қарым-қатынасымен (мектеп, дүкен, аурухана, шаштараз, саяхат және т. б.) таныстыру арқылы балалардың сюжеттік ойындарының мазмұнын байыту, ертегілер мен мультипликациялық фильмдердің сюжеттері негізінде қиялды дамыту;
3. дидактикалық, қимылды, дамытушы ойындардың ережелеріне сәйкес әрекет етуді жетілдіру;
4. ойында балалардың арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту, өз пікірін айту, серіктесінің пікірін тыңдау;
5. балалардың өзін-өзі бақылауы мен дербестігін қалыптастыруға ықпал ету.

Сюжетті-рөлдік ойындар

Мазмұны әлеуметтік шындықты бейнелеу болып табылатын сюжетті-рөлдік ойындарға, шынайы және фантастикалық оқиғаларды, адамдардың өзара қарым-қатынасын бір сюжетке біріктіруге, жаңа тақырыптағы сюжетті-рөлдік

ойындарға («Мұражай», «Кітап дүкені», «Туристік агенттік» және т. б.) қызығушылық таныту және бір сюжетті бірнеше күн бойы жалғастыру.

Ойын тақырыбын ескере отырып, ойын ортасын ұйымдастыруға өз бетінше қатысу, тәрбиешімен бірге ойынға дейін немесе ойын барысында қолдан ойыншықтар мен алмастырушы заттар жасау. Тәрбиеші мен балалардың ойынды дайындауға бағытталған қарым-қатынасы мен бірге әрекет ету процесінде сюжетті-рөлдік ойындардың мазмұнын меңгеру: мүмкін болатын ойын жағдаяттарын ойлап табу, ойындарға шығармашылық жағдай жасау.

Сюжетті баяндау тәсілдерін меңгеру: ойында сюжеттік оқиғаларды ойлап табу; ойын барысында оқиғалардың бөліктерін айту, әрекеттерді сөйлеу арқылы жеткізу.

Ойын басталғанға дейін бала өз рөлін білуі және атауы, серіктесіне ойындағы кейіпкердің атымен жүгінуі керек. Құрдастарымен сөйлесу, ойындағы кейіпкердің рөліне, мінез-құлқына және көңіл-күйіне байланысты дауыс интонациясын өзгерту. Кейіпкерлердің әрекеттерін, қарым-қатынасын, мінез-құлықтарын және көңіл-күйін жеткізе білу: талапшыл мұғалім, сүйікті ана, қыңыр мінезді бала; мәнерлі құралдарды қолдану: ым-ишара, қимылдар, интонация.

Әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып (санамақтар, жеребе суыру, қалауы бойынша келісу), өз бетінше немесе ересектердің көмегімен ойынның сюжетін ойластыру, сюжетті дамыту және ойын барысында рөлдерді таңдау туралы бір-бірімен келісу.

Ойынның мазмұнына байланысты ойын ортасын өз бетінше құру үшін балалардың бейнелеу немесе өнімді әрекет түрлерін (театр бағдарламалары, билеттер, ашық хаттар, белгілер және т.б.) қолдану.

Режиссерлік ойындар

Режиссерлік ойында мультипликациялық фильмдерден алған әсерлерін көрсету, әртүрлі дереккөздерден алынған оқиғаларды біріктіру, оларды өзгерту (жаңа оқиғалар, кейіпкерлер), таныс сюжеттерге ұқсас жаңа сюжеттер ойлап табу. Жазбалар, пиктограммалар, суреттердің көмегімен жаңа сюжеттерді жинақтау тәсілдерін меңгеру; шартты белгілердің көмегімен «Біздің ойындар» тақырыбында альбомдар құрастыру.

Ойындарда суырып салмалық қабілеттерді дамыту және театрландырылған ойындарды ойнау.

Театр ойындарында балалар педагогтің көмегімен және өз бетінше «сахна» үшін орынды таңдауы (қоршау, шымылдық қою), ойын ортасын ұйымдастыру (қарапайым декорацияларды дайындайды: үйлер, ағаштардың сұлбасы; түрлі түсті жіптер немесе ленталар және т.б.), өз әрекеттерін басқа кейіпкерлердің әрекеттерімен үйлестіру. Әртүрлі кейіпкерлердің атынан сөйлеу және әрекет ету, ойында шығармалардың мазмұнын бейнелеу, сюжеттерді біріктіру. Драматизация ойындарында ертегілердің, мультипликациялық фильмдердің, маңызды оқиғалардың мазмұнын өз бетінше қайталауға ұмтылу.

Дидактикалық ойындар

Заттарды бірнеше белгілері бойынша салыстыру және елеулі белгілерінің негізінде топтастыру (көкөністер-жемістер, үй жануарлары – жабайы жануарлар

және т.б.). Заттарды сипаттамасы бойынша тану ойындары. Бөліктерден бүтін (10 - 12 бөліктен) зат құрастыру. Сөздік ойындар ойнау.

Әртүрлі заттармен және материалдармен эксперимент жасау: су, мұз, қармен ойындар. «Суды тазарту» (суды әртүрлі сүзгілердің көмегімен (қағаз, дәке, тор) қоспалардан тазарту), «Түстерді араластыру» (суға әртүрлі түстерді араластыру арқылы судың түсін бояу).

Магнитпен, шынымен, резинамен ойнау. «Магнитті сынау» (магнитпен эксперимент жасау: әртүрлі заттарды тарту, қай зат тартылады, қайсысы тартылмайды; магниттің көтеру күшін тексеру; магнит қандай заттарды көтереді, қайсысын көтермейді; магнит қағаз, картон, мата, фанера, су және т.б. кедергілер арқылы әрекет ете алады).

Үлкейткіш шыны немесе микроскоппен ойындар: әртүрлі заттарды, материалдарды қарау. «Түрлі-түсті әлем» (айналаны түрлі-түсті әйнектер арқылы қарау және т.б.).

Ережелері бар ойындар

Сызба, модель, жоспар, шартты белгілер бойынша бағдарлауға байланысты ойындар («Үйге апаратын жол»; «Сызба бойынша қазынаны табу»). Халық ойындары («Бағбан», «Бояулар»). Ұлттық ойындар («Түйілген орамал», «Асық ату», «Теңге ілу», «Арқан тартыс» және т.б.).

Лото ойындары. Зияткерлік, дамытушы ойындар (лабиринттер, тапқырлар, «Геоконт», «Танграм», «Колумб жұмыртқасы», «Математикалық планшет»).

Балалардың ойын тапсырмасын саналы түрде қабылдай білуі, ережелерге сәйкес ойын әрекеттерін орындауы, дұрыс нәтижеге қол жеткізуі. Ойында келісіп әрекет ету қажеттілігін түсіну, әрекеттердің ретін сақтау, шыдамдылық таныту. Өз әрекеттерін және өзге ойыншылардың әрекеттерін бақылау, қателерді түзету. Шешім табуда табандылық таныту, нәтиженің дұрыс екенін көре білу. Ойын шартын құрдастарына түсіндіру. Ережелері бар бірнеше ойындарды білу және оларды ұйымдастыру. Ойындарда жаңа ережелерді ойлап табуда бастама таныту, жаңа ойын әрекеттері арқылы ойындардың мазмұнын түрлендіруге ұмтылу.

ОЙЫН ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

- балалардың ойыншықтарды, текшелерді бір-біріне лақтыруына, бір-бірін итеруіне жол бермеу, дау-жанжалдан аулақ болу, балалар арасында дау-жанжал туындаған жағдайда тәрбиеші араласуы тиіс;

- үйден топқа заттар әкелуге: шыны, тесетін немесе кесетін заттар сіріңкелерді, оттықтарды, дәрі-дәрмектерді және т.б. балаларға ойындарға пайдалануға рұқсат бермеу;

- үстел үсті ойындары, пайдаланғаннан кейін қораптарға салу және орнына қою. Ойын бөлшектерін және басқа да ұсақ заттарды өзіңмен бірге алуға болмайды;

- ойын кезінде орындықтар мен үстелдерге тұруға, үстелдердің астына еңбектеуге болмайды;
- топтық бөлмеде қимылды ойындар өткізген кезде тек тәрбиеші анықтаған аумақты пайдалану; итермеу, айқайламау, басқа балалардың ойын ережелерін орындауына кедергі келтірмеу;
- табиғат бұрышындағы еңбек әрекетін тек тәрбиешінің бақылауымен өткізу ;
- теледидар немесе ноутбукты тек тәрбиеші қосады [4].

ҚОРЫТЫНДЫ

Соңғы он жылда мектеп жасына дейінгі балалардың ойын қағидалары түбегейлі өзгерді. Көптеген ата-аналар баласын алдандыру үшін мультфильмдер көруге немесе қарапайым қосымшалардағы ойындарды қарауға гаджеттердің барлық түрлерін ұсынады.

Мектеп жасына дейінгі балалар компьютерлер мен ұялы телефондарды пайдаланады, бұл баланың ойын әрекеттерін дамыту мүмкіндіктерін шектейді және мектеп жасына дейінгі баланың қызығушылықтарын виртуалды әлемге ауыстырады.

Педагог мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекеттерін ұйымдастыруда олардың жеке және психологиялық даму ерекшеліктерін ескеруі тиіс. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жетекші әрекеті болғандықтан, педагог ойынның барысын мұқият ойластырып және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ойын әрекетінде қолданылатын құралдар мен материалдарды дұрыс таңдауы керек.

Мектепке дейінгі ұйым педагогінің міндеттерінің бірі ойынды дамыту болып табылады, ойындарда балалар әлеуметтік ортаның қарапайым және өздеріне түсінікті құбылыстарын бейнелеп көрсетуі тиіс. Ойын түрлерінің балаларға әсер етуі көбінесе тәрбиешінің қызығушылығына байланысты. Сондықтан ойынды ұйымдастырудың теориясы мен әдістемесін меңгерген тәрбиешілер ғана ойынды шеберлікпен ұйымдастырады.

Балаларға арналған ойын ортасы үнемі жаңартылып және өзгертіліп отыруы тиіс, ерекше материалдардан ойыншықтар жасап, ойын әрекеті кезінде балалардың қиялын дамыту қажет. Ойын әрекетінде балалардың қызығушылығын арттыратын қызықты оқиғалардан құралған ойындарды ұйымдастырып, қарапайым ойындар үшін өзгеше шешімдерді ойлап табу маңызды. Нәтижесінде балалардың ойын әрекеті әр түрлі және қызықты болады, балаларға әр түрлі ойындарды ойнауға ықпал етеді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (15 наурыз 2021 жыл ҚРҰҚ №137);
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (3 тамыз 2022 жыл ҚР ОАМ № 348 бұйрығы);
3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат;
4. Мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіз жағдайлар жасауға қойылатын талаптарды талдау негізінде қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық – Нұр-Сұлтан, 2022 жыл;
5. Бондаренко А. К., Матусик А. И. Воспитание детей в игре: пособие для воспитателя детского сада. М.: Просвещение, 1983.-192 с.;
6. Горшкова Л. И., Касаткина Е. И., Лисенкова О. В., Реуцкая Н. А., Цивилева А. В. Центр игры и игрушки в детском саду. Методическое пособие для воспитателей и старших воспитателей ДОУ.- Вологда, 2003.-72 с.;
7. Карпова Е. В. Дидактические игры в начальный период обучения. Популярное пособие для родителей и педагогов.- Ярославль: «Академия развития», 1997.-240 с.;
8. Ссылки из интернета: <https://www.lurok.ru/categories/19/articles/32942>.

МАЗМҰНЫ

1. Түсіндірме жазба	3
2. Түрлі жас топтарында ойындарды ұйымдастыру және басшылық ету әдістемесі	4
3. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны талаптар	ұйымдастыруға қойылатын 6
4. Түрлі жас топтарында балалардың ойын әрекетін дамытуда тәрбиешінің міндеттері	8
5. Ойын әрекетін ұйымдастыру кезіндегі қауіпсіздік талаптары	17
6. Қорытынды	18
7. Қолданылған әдебиеттер тізімі	19

*Разработаны на базе Института раннего развития детей
Министерство просвещения Республики Казахстан*

Методические рекомендации по методике организации и руководства играми в разных возрастных группах – Астана, 2022. – 40 с.

Рецензенты:

С.Н. Жиенбаева д.п.н., профессор
Н.Г. Юсупова заведующая
А. З. Инкаргалиева методист

Методические рекомендации по методике организации и руководства играми в разных возрастных группах окажут помощь педагогам детских садов при организации работы по обогащению и развитию игрового опыта детей.

Данные методические рекомендации предназначены педагогам дошкольных организаций.

Методические рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-методическим советом Института раннего развития детей МП РК (протокол № 9 от 27 сентября 2022 года).

Институт раннего развития детей, 2022 год

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

В современном мире подход к образованию меняется вместе с быстроменяющимися реалиями, в которых живут и растут наши дети. Взгляд на образование как на продолжающийся в течение жизни процесс, в котором начало совпадает с моментом рождения ребенка, предполагает принятие гибких стандартов организации образовательного процесса. Дети проводят в организациях образования большое количество времени, что ведет к пониманию важности создания соответствующих условий для проживания детьми периода детства в гармоничной, доброжелательной, развивающей, инклюзивной, справедливой среде, в которой уважают культурное и этническое разнообразие.

Ребенок должен восприниматься как активный участник своего обучения, у которого есть право и возможности конструировать свое собственное понимание мира.

Дошкольный период - ступень подготовки к школе, этап развития жизненно важных навыков ребенка. Следовательно, должен измениться подход к роли дошкольного воспитания и обучения в жизни ребенка от организованной учебной деятельности к созданию условий для максимального развития потенциала каждого ребенка с учетом его индивидуальных особенностей и потребностей. Важно следовать за интересами ребенка и строить его день исходя из выбранных ребенком активностей, не ограничиваясь заранее запланированными педагогом действиями.

Овладение навыками трудовой деятельности, чистоты, порядка, организованности, детского мышления, восприятия, рисования, навыками совместной игры и другими навыками должно происходить без утомления в игровой форме. Игра - ведущая деятельность и основное средство развития детей [1].

Актуальность данной работы в том, что игровая деятельность в детском саду является неотъемлемым элементом содержания и организации воспитательно-образовательного процесса. С одной стороны, игра ценна само по себе тем, через нее воспитанники расширяют сферу познания, постигают нормы и правила поведения в обществе. А с другой, воспитатель использует игру как основной вид деятельности воспитательно-образовательного процесса, через разные виды активности и варианты взаимодействия.

